

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Ағылшын тілінің методикасы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
06.05.2022СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/120024/>

## Ағылшын тілін оқыту методикасы

## Мақсаты:

Жаңартылған білім мазмұны негізінде диалогтық арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету.

## Міндеттері:

Оқу материалын меңгерте отырып, мәліметтерді өздігінше жинауға итермелеу, қызығушылығын ояту.

Жеке тұлғаның интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ету  
Қазіргі таңда заман талабына сай білім беру жүйесінде білім берудің даму тенденциялары мен тенденцияларын қамтитын, дамытатын елуден астам педагогикалық технологиялар қолданылады.

Әлемдегі болып жатқан өзгерістер еліміздің білім саласындағы оқыту форматының өзгеруіне де әсерін тигізуге байланысты барша халық, оқушы, ата-ана, мұғалім барлығына да қышықтықтан оқыту форматы компьютер мен техника ресурстарына талапқа сай жақсы меңгертуді міндеттеді. Бұл процесс әрине, мұғалімдерге онлайн оқыту жүйесінде шеберлік пен креативтілігін барынша көрсетуге талап етіп отыр.

Әр педагогтың міндеті — тиімді технологияларды тәжірибеде қолданып, оң мен солын тану, зерттеу, талдау, нәтиже шығару. Ағылшын тілі пәні бойынша ең бастысы оқушылардың тілдік сөз қорын молайту, сөйлеу дағдыларын тиімді жүйелі қалыптастыру. Ал, бұл өзекті мәселе әрине педагогтың тиімді әрі жүйелі оқушылармен жұмыс жүргіздің нәтижесі болуы тиіс. Ағылшын тілі пәні бойынша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін мұғалім жан-жақты шығармашыл болып, барлық технологияның ұтымды тиімді жақтарын пайдаланса- баланы оқыту жемісті нәтиженің көзі болмақ. Осы орайда өз пәнімен баланы шығармалыққа баулап, ағылшын тілі пәні бойынша сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін түрлі шығармашылығын арттыруға бағытталған әдіс-

тоәсілдерді ұсынамын.

Осыған орай, өз практикада жиі пайдаланып оқушылардың білім-білік дағдысын қалыптастыруда жемісті нәтиже көсетіп келе жатқан **АКТ** пайдалануға байланысты бірнеше әдіс-тәсілдерді ұсынамын:

**КАНООТ** — викторина, дидактикалық ойындар мен тесттерді құруға арналған бағдарламасы. Оқушылар мұғалім жасаған тасырмаларға планшеттерден, ноутбуктерден, смартфондардан, яғни интернетке кіру мүмкіндігі арқылы кез- келген құрылғыдан жауап бере алады. Қажет болса, мұғалім қойылған сұрақтарға жауаптар үшін ұпай енгізе алады: дұрыс жауаптар мен жылдамдық үшін. Табло мұғалімнің компьютерінің мониториянда көрсетіледі. Тестке қатысу үшін оқушылар тек қызметті ашып, мұғалім компьютерден ПИН -кодты енгізуі керек. Бұл программаны пайдалану арқылы мен оқушылардың өз-пәніме деген қызығушылығының артқандарын байқадым. Бағдарламаны пайдалану: оқушылармен кері байланыс жасап отыруға да ыңғайлы.

**Plickers** оқыту платформасы. Мұғалім оқушыларға аты -жөні жазылған карталарды дайындайды, содан кейін экранда тест сұрақтарын көрсетеді және оқушылардың жауаптарын телефоннан немесе планшеттен сканерлейді. Қосымшаның артықшылығы — оқушыларға ұялы телефондар мен Интернетке қосылу қажет емес, ал мұғалім тест нәтижелерін экраннан бірден көре алады.

**Quizlet** — жаңа сөздерді есте сақтауға арналған тамаша платформа. Сіз дайын карталар жиынтығын қолдана аласыз немесе сөздердің жеке қорын жасай аласыз. Платформа сонымен қатар түрлі тесттер, ойындар мен қосымша функцияларды ұсынады. Сіз интерактивті тақтада бүкіл сыныппен жұмыс жасай аласыз немесе сілтеме арқылы виртуалды сыныптағы әр оқушыға жеке тапсырмалар бере аласыз.

Жоғарыда аталған платформалар негізінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, білім деңгейінің артқандығын анықтадым. Сонымен қатар, жаңартылған техникалық әдіс-тәсілді технологияларды пайдаланумен қатар, бірнеше жаңартылған технологиялармен жұмыс жүргізіп отырдым: мысалы, саралап оқыту технологиясын, сын тұрғысынан ойлау технологиясын, модульдік оқыту технологиясын т.б. Осындай біршама технологиялардың ішінен жемісті нәтиже көрсеткені:сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық оқыту модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық деңгейге шығару.

Өркениетті елдермен керегеміз тең болу үшін әлемдік білім беру жүйесіне қосылуға ұмтылған еліміздің білім беру саясаты демократияландыру мен ізгілендіру арқылы білім беруді жаңа сапалық деңгейге шығаруға бағытталған. Оқушылардың жеке танымдық ерекшеліктерін, сондай-ақ топтық ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқытуды

ұйымдастыру — қазіргі кездегі мектеп өміріндегі өзекті мәселе, яғни оқыту бірлігінен бас тартып, пәнаралық оқыту жүйесіне көштік. Осы орайда оқушылардың жеке танымдық ерекшеліктерін, сонымен қатар топтық ерекшеліктерін ескере отырып, сабақты тиімді ұйымдастыру қажет.

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғам шығармашыл әрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеуде, осыған орай бүгінгі күні білім беру мекемелері мен ұстаздарға үлкен талап қойылуда. Ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты – шынайы өмірде оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін қалыптастыру болып табылады. [1.3]

Ағылшын тілін оқытудың тарихы жүз жылдап есептелінеді, Орта мектепте ағылшын тілін оқытудың тарихы 1947 жылдан басталады. Содан бері қарай көптеген өзгерістер енгізілді. XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады.

Еліміздегі болып жатқан ахуалға байланысты ағылшын тілін қашықтықтан оқыту форматынан дәстүрлі форматқа көшудегі оқыту қиыншылықтарын жеңу мақсатында оқыту әдіс-тәсілдерімен бөліскім келіп отыр.

Яғни мен өзімді тіл маманы ретінде үштұғырлы тіл саясатын берік ұстанған, оқушыға сапалы білім, саналы тәрбие беруді міндетім деп білемін. Кез-келген елдің тілін үйренуде алғашқы қадам қызық және оңай болып көрінеді, өйткені тілдің құрлысы бірінші дыбыстық жүйеден құрылады бірақ, сол дыбыстық жүйені игеру дұрыс сөйлеудің алғышарты болып табылады. Әр пәннің өз қиындығы бар, ағылшын тілінің оқылуы мен жазылуы екі түрлі болғандықтан фонетикалық аспектілерге тоқталмай өту мүмкін емес. Жалпы ағылшын тілін оқытудың мақсаты шет тілін іс жүзінде меңгеру оны тіларалық қатынас ретінде пайдалану. Білімділік мақсаты – шет тілінде сөйлеуге үйрету, байланыста бола алу, ортақ тіл табысып, түсіну арқылы қарым қатынасты нығайтуға ұмтылу болып табылады. Ал тәрбиелік мақсатына келетін болсақ – өзге елдің мәдениетімен танысу арқылы өз пікірі қалыптасып ой –өрісі дамиды.

Баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасауы қажет. Білім сапасы оқушының сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасына байланысты. Жаңа білім алу үрдісі оқытушы мен оқушыға шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді. Сабақ үстінде оқушы тарапынан әртүрлі сұрақтар туындауы мүмкін, осы жерде мұғалім қажетті бағдар беріп жіберуі тиіс. Бағдарламаның 7 модулінің мәнмәтіні негізінде «Сабақ беру мен оқытудағы жаңа тәсілдерді қолдануда «диалогтік оқыту» тәсілін шығармашылық тақырыбым ретінде басшылыққа алдым. Себебі, шетел тілін оқытудың басты мақсаты – оқытушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту.

Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып талқылау, білімді бірлесіп құру, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Оқушылар сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік алады. Өзара талқылау арқылы түрлі ойлар болады, сұхбаттасу арқылы өз ойларын дәлелдеуге тырысады. Диалогтік тәсіл оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектеседі.

Диалогтің өзі сабақ өту кезінде әр түрлі әдіс арқылы жүзеге асады. Мысалы : сұрақ — жауап, рөлдік ойын, тапсырманы орындату, жұптық жұмыс, диалогтік мәтінді оқу.

Мысалы: сұрақ — жауап әдісі — ағылшын тілі сабағында оқушылардың ынтасын арттырады, қызығушылығын оятады. Әрбір жаңа сабақты бастамас бұрын жаңа тақырыпқа байланысты кіріспе сұрақ жауап дайындалады.

Сонымен қатар, оқушыларға әр түрлі деңгейдегі сұрақтарды қою (thick and thin question). Мысалға сұрақтарды «who? what?» демей, «why?, why do think so? деп қою арқылы оқушының ойлауына түрті болуға болады. Ой шақыру сұрақтары

- Do you like to go to the cinema?
- How often do you go to the cinema? (once a week, twice a month, never, etc.)
- What kind of films do you like the most?
- Can you name some popular films made in Kazakhstan?
- When did you last go to the cinema and what film did you see?

Оқушылардың сұрақ-жауап дағдыларын қалыптастыру үшін «Шынжыр», «Сұрақтар шеңбері», «Он сұрақ», «Серпілген сауал» әдістерін пайдалануға болады. «Венн диаграммасы» әдісі арқылы оқушының сұрақтарға нақты жауап бере отырып, екі нәрсені салыстырып, ортақ қасиетіне жан-жақты көз жеткізетінін көруге болады.

Сабақты бекітуге және үй тапсырмасына қолдануға болатын әдістер: «Ыстық орындық» – Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Мысалы, оқушылар белгілі бір рөлді немесе адамды сомдай алады (мысалы, Гордон Браун немесе жалғыз басты жас ана).

«Алтын балық» – барлық сынып алдында өз пікірін білдіргені болмаса, қалған жағдайда «ыстық орындық» сияқты. Олар алтын балыққа арналған аквариумда отырады, басқалары оларға сұрақ қойып, түсініктеме беруді талап ете алады және т.б.

«Question Race» Сұрақтар сайысы

– Бұл ойынның шарты:

– Мұғалім сол сабаққа қатысты сұрақтар қойылады. Осы сұрақтар оқушыларға таратылып беріледі. Оқушылар сол сұрақтарға дұрыс жауап беру керек. Мысалы жыл мезгілдерін өткен кезде суреттер арқылы да мынадай сұрақтар арқылы қолдануға

болады.

- How many seasons are there in a year?
- What are they?
- How many months are there in a year?
- What are they?
- What season is it now?
- What month is it now?
- How many days are there in a week?
- What are they?

Осы сұрақтар арқылы оқушылардың сөйлеу қабілеттері артып, сөздік қорлары молайып, сабаққа деген қызығушылығы артады.

Балалардың ойлау қабілетін барынша жоғары деңгейде дамыту үшін сұрауды қолдануға қатысты менің түсінігімде болған өзгерістер:

- бірден көп сұрақ қоймау.
- оқушыларға ойлауға уақыт беру.
- орынсыз сұрақтар қоймау.
- ойлауды дамыту үшін проблемалық сұрақтар пайдалану.
- оқушылардың жауап беру ниетін басатын сұрақтарды қоймау.
- оқушылардың алдыңғы жауаптарына сай сұрақтар құрастыру.

2. Рөлдік ойындар – сабақ үдерісін жандандырып, тілді үйренуге деген қызығушылықты арттырады. Рөлдік ойындардың басты қызметі шынайы, дайындықсыз сөйлеуге қажетті ахуалды туғызу. Тіл үйренушілер сөйлеу жағдаятына ене отырып, тілді қатынас құралы ретінде пайдалануға ұмтылады. Ойынды өткізу үшін тіл үйренушілердің психологиялық дайындығын қалыптастыру маңызды компонент болып табылады. Оқушылар ситуацияны толық қабылдап, өзін еркін сезінуі қажет.

3. Рефлексия қазіргі заман мұғалімінің кәсіби біліктілігі мен педагогикалық құзіреттілігінің негізгі компоненттерінің бірі болып саналады. Шет тілдер сөздігінде рефлексия ой електен өткізу, өзін өзі тану, өз өзіне есеп беру деген сөз. Бұл адамның өз іс әрекетінің заңды түрде жүзеге асуының теориялық формасы.

Рефлексияны әр түрлі жүзеге асыруға болады, сабақтың соңында әр тақырыптың соңында, сабақ этаптарының арасында, тарау соңында. Ол ақырындап оқушының ішкі рефлексиясына ұласу керек.

Рефлексияның төмендегідей түрлері бар:

- оқу материалының мазмұнының рефлексиясы
- көңіл-күй және эмоционалдық жағдайдың рефлексиясы
- іс-әрекет рефлексиясы

Рефлексияның бұл түрлерін жеке, топтық, жұптық түрде өткізуге болады.

Төменде бірнеше мысалдар келтірейік:

1. Оқу материалдарының мазмұнының рефлексиясы.

Оны мұғалім оқушылар өткен материалдың мазмұнын қалай түсінгенін анықтау үшін қолданады.

1 Аяқталмаған сөйлем тәсілі (тезис):

got acquainted with....

During today's lesson we have

Found out.....

Аяқталмаған фразалар сабақ тақырыбына да байланысты болуы мүмкін.

– Alexander Bell was a man ...

– A dictionary is a book...

2.Сабақ мақсатына жету рефлексиясы.

Сабақ мақсаты тақтаға жазылып, сабақ соңында талқыланады.

Understand the information...

know how to give arguments...

Now I <

can say my opinion on... etc.

3. Think wane (синквейн) 5 жолдықөлең

- Бірінші жол- тақырып атауы;
- Екінші жол – тақырыпты екі сөзбен сипаттау,- белгі немесе сын есіммен;
- Үшінші жол – осы тақырыптағы іс-әрекетті үш сөзбен сипаттау, етістікпен;
- Төртінші жол – төрт сөзден тұратын фраза, тақырыпқа қатысты;
- Бесінші жол- синоним, тақырыпты ашатын.

Бұл жұмыс түрінде әр оқушы өз ойын, алған әсерін білдіреді.

Мысалы: Michael Jackson

Handsome ,talented

Sings, dances, loves

King of pop music

A famous star.

Аталған әдістердің бірнешеуі бір сабақта қолдануға болады.

Мысалы 5 сыныпта «Food» тақырыбында өткен сабақта Қазақстан мен Ұлыбритания елдерінің ұлттық тағамдары туралы мәтіндерді оқушылар ЖИГСО әдісімен талқылап, Венн диаграммасы арқылы ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы айтса, даяшы мен келуші арасындағы рөлдік ойынды ойнауды берілген тірек сөздерді пайдалану арқылы орындады және сөздікті суреттер арқылы айтты, ал сабақты қорытындылауды бірінші топқа «Бес жолды өлең» әдісін, екінші топ «Бір сөз, бір сөйлем» әдісін қолдану арқылы жүргіздім.

Қорыта келе, әңгімелесу пәрменді құрал болып табылады, оның көмегімен мұғалім оқушылардың оқу үдерісін қолдай және дамыта алады. Сыныпта диалогті пайдалану

арқылы мұғалімдер оқушылардың білім сапасына ерекше оң әсер ете алады. Оқушылардың білімі мен ойлау қабілетін зерттеуге шынайы ұмтылу оқу үдерісіне барынша қызықтыру үшін ынталандыру болып табылады.

Диалогтік идея тәсіліне сәйкес, сауалнама мен топтық жұмыс оқушылардың оқуын жақсартуға қабілетті.

Сұрақ қою арқылы мұғалім:

– оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады.

– оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды.

– білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады.

– оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі.

– оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді.

– оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі.

– оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын

құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді.[4] Мұғалімдер сабақ барысында сауалнама түріндегі кері байланыс әдісін қолданады және сабақ барысында көптеген сұрақтар қояды.

Өткізген сабақтарымда сынып оқушыларының өзара білімін дамыту мақсатында бірлескен сұхбатынан: оқушылар бірін – бірі оқытады, пікірлеседі, ой бөліседі, әңгімелеседі. Бұның бәрі де диалогтық оқыту әдістері негізінде жүзеге асып отырады. Оқушылардың тілдік қорын молайтуға, білім деңгейін көрсете алуына, білімін әділ бағалауына оң әсерін тигізетініне сенімім мол. Жаңаша ізденіс, жаңаша көзқарас жалғасын тауып, ел ертеңі келешек ұрпақтың білім алудағы жетістікке жету жолында нәтижелі еңбек ететініме сенімдімін.

Қазақстан халқының лингвистикалық капиталын дамыту мақсаты мемлекеттік тілге қоса еліміздегі басқа да тілдерді оқып-үйренуді міндеттейді. Бұл мақсаттың аясында қазақ жұртын мекендейтін халықтардың тілдерін дамыту міндеттелген. «Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!» деген Қадыр Мырза Әлидің әйгілі өлеңінде лингвистикалық капиталдың негіздемесі жатыр. Өзге тілді білсең — өрге шығасың, Өз тіліңді білсең, төрге шығасың. Орыс тілі әр елге, ағылшын тілі әлемге есік ашады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Елбасы жолдауы 2006-2007жылдар.
2. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері журналы,2013ж,№6,25-бет
3. Құсайынов А.Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы,  
4.Мұғалімге арналған нұсқаулық, екінші негізгі деңгей, үшінші басылым
- 5.Alexander,R.J (2008). Towards Dialogic Teaching. Rethinking classroom talk (4th ed)  
[Диалогтік оқыту. Сыныптағы әңгімені қайта қарау. (4-басылым)]. York:Dialogos.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.